

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Дайындық орталығы
Оқу-әдістемелік комитет кеңесінің
№8 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

30.04.2025 ж.

Қатысқандар: А.Зөхре, Б.Айтбаев, А.Бегділла, А.Мырзаханова, Б.У.Атикол, Р.Шафигулина, Ү.Ыбыраева, М.Шайхыстамова, Ш.Хамидова, Н.Эргашева

Қатыспағандар: -**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Тыңдаушыларға кәсіби бағдар беру іс-шаралары туралы (Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев)
2. Ашық сабақ, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы (ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)
3. В1 деңгейі бойынша емтихан түрлерін, сұрақтарын талқылау, бекітуге ұсыну. (Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев)
4. Әртүрлі мәселелер (ОӘК мүшелері)

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев сөз алып, 2025-2026 оқу жылына тыңдаушыларға кәсіби бағдар беру іс-шараларын көрме түрінде барлық факультетке 1 күнге жоспарлауды ұсынды. ОӘК мүшелері бірауыздан ұсынысты қолдады.

ШЕШІМ: 1. 2025-2026 оқу жылына тыңдаушыларға кәсіби бағдар беру іс-шаралары барлық факультет үшін 1 күнге жоспарланып, ұсыныс берілсін. (Жауапты - Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев)

2. Күн тәртібіндегі ашық сабақтар жоспарының орындалу барысы туралы ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева: «2024-2025 оқу жылының наурыз, сәуір айларына жоспарланған ашық сабақтар орындалды. Ашық сабақтарға бөлімдерден оқытушылар мен ашық сабақтардың сарапшылары қатысты. Ашық сабақтар бағалау кестесі бойынша бағаланып, талдау хаттамаларында сабақ жоспарына сәйкес тақырыптың толық ашылуы, теорияның практикамен байланыстылығы, инновациялық және интерактивті әдістерді қолдануы, сабақтардың жетістіктері мен кемшіліктері, оқытушының кәсіптік және іскерлік шеберлігін арттыру үшін ұсыныстар мен қорытынды пікірлер толтырылды. Ашық сабақтардың хаттамасы бағалау кестесіне сәйкес берілді».

Ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтың өтілуі туралы

2-кесте

№	Бөлімі	Пәні	ОПҚ	Тақырыбы	Мерзімі	Ауд.
1.	Түрік тілі бөлімі	Түрік тілі (A2)	Мехмет Акиф Текин	Insan ve Toplum	06.03.2025	2-216
2.	Қазақ, орыс тілдері бөлімі	Қазақ тілі (B1)	Оспанова Балтагүл Оспанқызы	Ел таны, жер таны «Түркістаннан Абай ауылына» (саяхат сабағы)	17.04.2025	2-208
3.	Қазақ, орыс тілдері бөлімі	Қазақ тілі (B1)	Әкімтаева Ғазиза Абдулхамитқызы	Қазақстан аймақтары	Сәуір	2-304
4.	Ағылшын тілі бөлімі	Ағылшын тілі (B1)	Атаханов Абдухалил Сулайманұлы	Unit 10 Where on earth are you?	30.04.2025	4-203

Келесі кезекте ОӘК төрағасы: «2024-2025 оқу жылының ақпан, наурыз, сәуір айларының өзара сабаққа қатысу кестесіне сәйкес орталық оқытушылары сабақтарға қатысып, талдау жасалынды. Бөлімдердің өзара сабаққа қатысу журналында қатысқан сабақтар бойынша талдау хаттамалары толтырылған. Сонымен бірге, журналдарда сабақтардың мақсаты, сабақ жоспарына сәйкес тақырыптың толық ашылуы, теорияның практикамен байланыстылығы, инновациялық және интерактивті әдістерді қолдануы, сабақтардың жетістіктері мен кемшіліктері, оқытушылардың кәсіптік және іскерлік шеберлігін арттыру үшін ұсыныстар мен қорытынды пікірлер көрсетілген».

Өзара сабаққа кіру жоспарының желтоқсан, қаңтар айларында орындалуы

3-кесте

№	Бөлімі	Саны
1.	Қазақ, орыс тілдері	5
2.	Түрік тілі	6
3.	Ағылшын тілі	2
	Барлығы	13

Орталық директоры А.Зөхре ОПҚ-ның ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтары мен өзара тәжірибе алмасу жоспарының орындалу барысы ОӘК төрағасы мен бөлім басшылары тарапынан жіті қадағаланып, сапасы арттырылуын тапсырды.

ШЕШІМ: 2. ОПҚ-ның ашық сабақтары мен өзара тәжірибе алмасу (өзара т.б.) жоспарының орындалу барысы қадағалансын, сапасы арттырылсын. (Жауапты - ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева, бөлім басшылары)

3. 2024-2025 оқу жылының III триместрдегі B1 деңгейі бойынша емтихан қабылдау формалары мен сұрақтарын талқылап, бекітуге ұсыну үшін сөз алған директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев емтихан қабылдау ережесіне сай бөлімдер B1 деңгейі бойынша емтихан тапсырмаларының жобасын дайындап, бекітуге ұсынуы қажеттігін атап өтті. Ереже бойынша тіл үйретудегі 4 тілдік дағды негізінде (тыңдалым, сөйленім, жазылым, оқылым) емтихан жоспарланып, әр дағды бойынша тапсырмалар берілу керектігін ескертті. Практикалық сабақтар да аталған 4 дағды негізінде өтілетіндігін ескертіп өтті.

Бөлім басшылары (А.Мырзаханова, Б.У.Атикол, Р.Шафигулина) өз кезектерінде B1 деңгейі бойынша емтихан тапсырмаларының үлгілерін бекіту үшін талқылауға ұсынды. Сонымен қатар, ОПҚ тарапынан бөлімдерде талқылаудан өткендігін ескерте кетті.

ОӘК мүшелері бөлімдерде талқылаудан өткен III триместрдің B1 деңгейі бойынша емтихан тапсырмаларын бекітуге мақұлдады. Сонымен бірге, орталық директоры тарапынан емтиханның таза әрі тиянақты өтуін қадағалау оқу ісі жөніндегі орынбасары мен бөлім басшыларына жүктелді.

ШЕШІМ: 3. 2024-2025 оқу жылының III триместріндегі B1 деңгейі бойынша емтихан қабылдау формалары бекітуге ұсынылсын, таза әрі тиянақты өтуін қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары мен бөлім басшыларына жүктелсін. (Жауаптылар: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев, бөлім басшылары)

4. Әртүрлі мәселелер бойынша ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева университет ОӘК мәжілісінің күн тәртібіне ұсыну үшін Қазақ, орыс тілдері бөлімінің оқытушылары авторлық бірлікте дайындаған «Қазақ тілі A1, A2, B1» атты ЖИ негізінде жасалған оқулығы мен С.Джалетова, Г.Мұсабекованың Филология факультеті Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы ф.ғ.к., доцент А.Байтуовамен бірге дайындаған «Русский язык: Базовый уровень A2 для иностранной аудитории» атты оқу құралын талқылауға ұсынды.

Қазақ, орыс тілдері бөлімінің басшысы А.Мырзаханова оқулық бөлім мәжілісінде талқыланып, орталық сарапшылары тарапынан тексерілгендігін, антиплагиаттан өткендігін, ішкі пікір, сыртқы пікір барлық құжаттамасы дайын екендігін айта кетті.

Орталық ОӘК мүшелері оқу құралын талқылай келе, мамыр айында өтетін университеттің ОӘК кеңесіне күн тәртібіне талқылауға ұсынуға болады деп бірауыздан қолдады.

ШЕШІМ: 4. Қазақ, орыс тілдері бөлімінің оқытушылары авторлық бірлікте дайындаған «Қазақ тілі А1, А2, В1» атты ЖИ негізінде жасалған оқулығы мен С.Джалетова, Г.Мұсабекованың Филология факультеті Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы ф.ғ.к., доцент А.Байтуовамен бірге дайындаған «Русский язык: Базовый уровень А2 для иностранной аудитории» атты оқу құралы университеттің кезекті ОӘК мәжілісіне талқылауға ұсынылсын. (Жауаптылар: Қазақ, орыс тілдері бөлімінің басшысы А.Мырзаханова, ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)

Орталық директоры:

Орталық ОӘК төрағасы:

А.Зөхре

Ү.Ыбыраева